

Мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 345 және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 509-НҚ бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 9 қаңтарда № 31634 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2026 жылғы 21 сәуірдегі № 172 және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2026 жылғы 23 сәуірдегі № 172-НҚ бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.04.2026 № 172 және ҚР Сауда және интеграция министрінің 23.04.2026 № 172-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 -3-бабының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

_____ А. Шақкалиев

_____ Ю. Ильин

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрінің
2022 жылғы 28 желтоқсандағы

Мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбелері

№	Объектісі мен қолдану саласы көрсетілген өлшем атауы	Метрологиялық талаптар		Ескертпе
		Өлшемдер ауқымы	Шекті рұқсат етілген қателігі немесе дәлдік тобы	
1	2	3	4	5
Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында				
Қысыммен жұмыс істейтін, ыдыстардың жұмыс аумағының температурасын өлшеу (қазан барабаны, резервуар, сыйымдылық)				
1.	- ауаның	(0 – 100)°С	Дәлдік тобы 2,5	
2.	- судың	(0 – 115)°С		
3.	- будың	(115 – 650)°С		
4.	- газдың	(- 200 – 0)°С		
Қысыммен жұмыс істейтін, ыдыстардың жұмыс аумағының температурасын өлшеу (құбыр)				
5.	- судың	(0 – 115)°С	Дәлдік тобы 2,5	
6.	- будың	115 – 650) °С		
Қысыммен жұмыс істейтін, ыдыстардың жұмыс аумағының қысымын өлшеу (қазан барабаны, резервуар, сыйымдылық)				
7.	- ауаның	0 МПа (кгс/см ²) – 2,5 МПа (25 кгс/см ²)	Дәлдік тобы 2,5 төмен емес	
8.	- судың	2,5-нан артық 14 Мпа-ға дейін (25-тен артық 140 кгс/см ² дейін)	Дәлдік тобы 1,5 төмен емес	
9.	- будың	14 Мпа-дан артық (140 кгс/см ²)	Дәлдік тобы 1,0 төмен емес	
10.	- газдың	(0 – 120) МПа	Дәлдік тобы төмен емес: 1) 2,5 – ыдыстың жұмыс қысымда 2,5 МПа дейін (25 кгс/см ²); 2) 1,5- ыдыстың жұмыс қысымда 2,5 Мпа жоғары (25 кгс/см ²)	
		0 МПа (кгс/см ²) – 2,5МПа (25 кгс/см ²)	Дәлдік тобы 2,5 төмен емес	
		2,5-нан артық 14 Мпа-ға дейін (25-		

11.	Құбырдың жұмыс ортаның қысымын өлшеу (су, бу)	тен артық 140 кгс/см ² дейін)	Дәлдік тобы 1,5 төмен емес	
12.	Қара, түсті, бағалы металдарды және осы металдар негізіндегі қорытпаларды балқыту кезіндегі температураны өлшеу	(0 – 2500) °С	± 2 °С	
Жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануын өлшеу				
13.	Жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың жаппай шоғырлануын өлшеу	0,5 РЕШ деңгейінде і л е с п е компоненттердің қатысуымен зиянды заттардың шоғырлануын іріктеп өлшеу қамтамасыз етілуі тиіс	± 25% бір өлшеумен (бір рет іріктеуден кейін)	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 168 бұ йрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11036 тіркелген) Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауасының гигиеналық нормативтеріне сәйкес зиянды заттар тізбесі.

Ескертпе:

мм – миллиметр;

см – сантиметр;

м – метр;

г – грамм;

МПа – мегапаскаль;

кгс/см² – квадрат сантиметрге килограмм-күш;

°С – Цельсий градусы;

РЕШ – рұқсат етілген шоғырлану;

% - пайыз.

